



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№14 (1856) Жұма, 11-сәуір 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ЕЛ ҚАМЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДІК АХУАЛҒА ТОҚТАЛДЫ

Президент Ғылым күні қарсаңында ғалымдармен кездесіп, кәсіби мерекесімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның әр саласында табысты еңбек етіп, мемлекетімізді өркендетуге атсалысып жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді.

— Ғылым жолы — күрделі жол. Өз ісіне адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл әрі жасампаз адамдар ғана ғылым жолындағы қиындыққа төзе алады. Біз шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, қоғамда осы қасиеттерді дәріптеп, орнықтыруымыз қажет. Ұлы Абай да өз заманында «Ғылым таппай мақтанба» деп өсиет қалдырды. Қазір технология қарқынды дамыған кезеңде біз үздіксіз ізденіске, терең білім мен ғылымға ерекше мән беруіміз керек. Мен Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай кезінде арнайы осы мәселеге тоқталдым. Бұл ретте ғылыми қауымдастыққа айрықша жауапкершілік жүктеледі. Өйткені, ғылым — ұлттың шамшырағы, — деді Мемлекет басшысы.

Басқосуда Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылымға баса мән берілмегені, көптеген ғалымның басқа салаға ауысып кеткені жайында айтылды. Соның салдарынан Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің саны үш есе азайып, бұл ахуал ұлттың зияткерлік елеуіне орасан зор кесірін тигізген.

— Мемлекет ғылымды дамыту үшін нақты шаралар қабылдап жатыр. Мен осыдан үш жыл бұрын Ғылым академиясын жаңғырту туралы тапсырма бердім. Содан бері ауқымды жұмыс жасалуда. Академияға жоғары ғылыми ұйым мәртебесі берілді. Инфрақұрылым жүйесі жаңартылып жатыр. Кадр даярлау ісі жолға қойылды. Былтыр қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы»



заң осы үрдістерге тың серпін берді. Құжатта ғылымды басқару тәсілдері нақтыланды. Ғалымдарды әлеуметтік қолдау шаралары айқындалды. Бір сөзбен айтсақ, заңда ғылым жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың мүддесі барынша ескерілді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі әлемдік ахуалға тоқталды.

— Көптеген сарапшылар дүниежүзі кейінгі ондаған жылда болмаған ең ауыр дағдарыстың табалдырығында тұрғанын мәлімдеді. Алпауыт мемлекет-

тер бір-біріне қарсы «тариф майданын» ашқан соң өндіріс пен сауда тізбегінің бұзылғаны, нарықтардың құлдырап, шикізат бағамының тұрақсыздана бастағаны байқалады. Бұл барлық елге, соның ішінде Қазақстанға әсер ететіні сөзсіз. Қазір жоғары тарифтер енгізуге 90 күндік мораторий жарияланғанымен, нарықтағы жағдай өте тұрақсыз. Сондықтан біз осынау экономикалық дүрбелеңнің Қазақстан экономикасына тигізетін салдарын жоюмен айналысып жатырмыз. Алайда дүрлісуге себеп жоқ екеніне

сенімдімін. Біз сын-қатерлердің бәрін әрдайым өзіміздің басым бағыттарымызды басшылыққа ала отырып еңсеріп келеміз. Сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалына қарамастан дамудың даңғыл жолын жалғастыра береміз. Негізгі инфрақұрылымдық жобалар мен басқа да бастамалар толығымен орындалады. Кеше Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың іс-қимыл жоспарын шұғыл аяқтауды тапсырдым. Бұл қадам өсім қарқыны мен инвестиция көлемін төмендетпеуді көздейді. Бүгінде инвестиция үшін күрес үдеді. Сондықтан әбжіл қимылдауға тиіспіз. Біз барлық сын-қатерге дайын болғанымыз жөн. Жұмыстың бәрін байыппен әрі сенімді түрде атқару керек. Өздеріңізге белгілі, дағдарыстың да өз қайыры бар. Ол басшылық қызметтегі азаматтардың іскерлік қабілетінің бар-жоғын айқындап береді. Сондай-ақ жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сыртқы ахуал түбегейлі өзгерген кезеңде ұлттық экономиканың орнықтылығы мен әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін мұның маңызы зор, — деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми дамыған ел кез келген сын-қатерге төтеп бере алатынына баса мән берді. Сондай-ақ Қазақстанның болашағы отаншыл әрі білікті ғалымдардың қолында екенін, мемлекет оларға жан-жақты қолдау көрсете беретінін атап өтті.

Жиын соңында Президент бір топ ғалымды мемлекеттік наградамен марапаттады. Іс-шарада «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» атағы тұңғыш рет тапсырылды. Сондай-ақ бір топ жас ғалымға баспана кілті берілді.

Ақорда.

/Мақаланың толық нұсқасын taldykorgan-online.kz желілік басылымынан оқи аласыздар/.

«ЕСО НАСКАТОН: ЖАСТАР КӨЗҚАРАСЫМЕН» ЭКОАКЦИЯСЫ



Талдықорған қаласындағы Жеңіс саябағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында алғаш рет ашық аспан астында «Есо Наскатон: Жастар көзқарасымен» атты экологиялық акция өтті. Хакатонның басты мақсаты — жастардың назарын өңірдегі экологиялық мәселелерге аудару және оларды шешуге жұмылдыру.

Сонымен қатар, 20 жасқа өз идеяларын ұсынуға және нақты экологиялық жобалар әзірлеуге мүмкіндік берілді. Акция аясында экология тақырыбында панельдік пікірталас алаңы ұйымдастырылып, қатысушылар 4 топқа бөлініп, өз жобаларын ұсынды.

Қазақстан студенттерінің Альянсы Жетісу облыстық филиалының белсендісі Ұлпан Кариманова: «Бүгінгі «Есо Наскатон» шарасы барысында қатысушылар экологияны қорғау, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, көгалдандыру және экосаулықты сақтау бойынша түрлі идеялар мен шешімдер ұсынды. Үздік жобалар алдағы уақытта өңірде жүзеге асыру үшін қарастырылатын болады. Есо Наскатон — бұл жай кездесу ғана болып қалмай, жастардың

табиғатқа деген жауапкершілігін арттыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын және Жетісудың жасыл болашағына үлес қосатын маңызды бастама».

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жыл басынан бері барлық жоспарланған іс-шаралар белсенді түрде өткізілуде. Сенбіліктер мен экологиялық акцияларға жалпы саны 17 мыңнан астам адам қатысты. 295 техника бірлігі жұмылдырылып, 1 209 тонна қоқыс шығарылды. 132 парк пен сквер тазартылып, 17 мыңнан астам қылқан жапырақты және жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша



БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жай-күйі едәуір жақсарды. 15 жаңа мектеп салынып, іске қосылды.

Нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Биыл 1080 орынды 4 мектеп пайдалануға берілді.

Облыста үш ауысымды мектептер жоқ.

Оқушы орындарының жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған жаңа мектептер салу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Мәселен, облыс құрылғалы бері 5310 орынды 15 мектеп жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 2 мектептен, Көксу ауданында 3 мектеп,

Панфилов ауданында 4 мектеп тұрғызылды. Оның ішінде Жаркент қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 1200 орынды мектеп те бар.

Биыл 13 білім беру нысанының құрылысы жүргізіледі. Соның ішінде жыл соңына дейін Алакөл ауданы Достық ауылында «Жайлы мектеп» жобасымен, Ақсу ауданы Көлтабан ауылында, Панфилов ауданы Лесновка ауылында, Кербұлақ ауданы Көксау ауылында жалпы саны 1080 орынды 4 жаңа мектеп



іске қосылады.

Облыста 3 жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөнделді.

Облыс әкімінің бастамасымен өңірде

«Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор жобасы» қолға алынып, бүгінде мектептерде 108 ментор жұмыс істейді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, нашақорлық пен лудоманияның, буллинг пен кибербуллингтің, салауатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта тәрбие жұмысын жүргізіп отыр.

Нәтижесінде 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Панфилов ауданында жасөспірімдер қылмысы 4,4 есеге, Талдықорған қаласы аумағында 4,3 есеге дейін төмендеген.

ШЕКАРАЛЫҚ АУДАН ДАМУДА

Жетісу облысының шекаралық аймағы Панфилов ауданы – халқының саны және әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатардағы аудандардың бірі. Облыс құрылғаннан бергі үш жыл ішінде аталған ауданда 6 жаңа мектеп, 21 медициналық нысан салынған. Бұл туралы жуырда аталмыш ауданның әлеуметтік және инвестициялық объектілерге пресс-тур барысында белгілі болды.



жөндеусіз жүдеу күйге түскен мәдениет нысанының болашағы үшін алаңдап, аудан және облыс басшылығымен болған кездесулерде күрделі жөндеу қажеттігі туралы мәселені бірнеше рет көтерді. Осы орайда облыс әкімі Бейбіт Исабаев мәдениет ошағының жай-күйіне назар аударып, осы мәселенің шешілуіне ықпал етті. Бұл ғимаратта журналистер ардагерлер фестиваліне дайындалып жатқан «Алтын қазына» ансамблі мүшелерінің репетициясына кұе болды. Сондай-ақ ауыл кітапханасының жұмысымен танысты.

Бұл ауылдағы келесі нысан - 210 орындық «Жаскент» жекеменшік балабақшасы. Бір кездері «Қорғас» ХШЫО-ның бұрынғы әкімшілік ғимараты болған бұл нысанды кәсіпкер Тұрсын Кончибаева сатып алып, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік

негізінде 200 млн теңгеден астам сомаға күрделі жөндеу жүргізген, ғимаратқа газ қостырды, балабақша ашып, 20-дан астам адамды жұмысқа орналастырды.

Талды ауылдық округінде БАҚ өкілдері демеушілер салып берген «Тау самал» мәдениет және демалыс саябағына барып, ағаш екті. Жалпы аталған саябаққа 13 мың ағаш егілді.

Мұндағы іргелі жұмыстар жайлы округ әкімі Қуандық Өшіржанов айтып берді.

– Біздің Талды ауылы – Панфилов ауданының үлгілі елді мекендерінің бірі, мұнда 5 мыңнан астам адам тұрады. Жергілікті тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалып, ауылда мектеп, екі балабақша, амбулатория, мәдениет үйі жұмыс істейді. Жақын арада газдандыру жұмыстары басталады. Сонымен

қатар әлеуметтік осал топтар санатындағы азаматтарға арнап 16 үй салынуда. Сондай-ақ бүгінгі таңда 300 орындық жаңа мектеп тұрғызыла бастады, - деді ол.

Тілшілер қауымы аталған мектептің құрылыс алаңына барды. Аудан әкімінің орынбасары Дидар Ешеновтың айтуынша, білім беру нысанын салу 2024 жылдың маусым айында басталған. Осы жылдың тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

– Бұл мектеп арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен салынып жатыр. Біздің талдау жасап, ұсынуымызбен жаңа мектеп құрылысы сол бағдарламаға енгізіліп, қаражаты бөлінді. Жалпы құны 2,7 млрд теңгеге. Құрылыс жұмыстары тамыздың соңында аяқталуы тиіс, дегенмен бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жұмыс кестесінен едәуір алда келеді. Сондықтан құрылысты бірінші тамызда аяқтаймыз деген жоспар бар, - деген Д.Ешенов жаңа білім ордасының жабдықталуы жайлы мектептен еш кем түспейтінін және оқушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің үміттері толығымен ақталатынын жеткізді.

Мұнан соң журналистер өткен жылы көп балалы отбасыларға 160 пәтер, сондай-ақ демеуші компанияларының есебінен екі пәтерлі үйлер салынған жаңа шағын ауданда болды.

Келесі нысан - Алтүй ауылындағы жаңа дәрігерлік амбулатория. Оның штатында 18 маман бар, жалпы практикадағы екі дәрігері 6 медбике. Мұнда 1960 жылдары халыққа бір ғана фельдшер медициналық қызмет көрсетті. Бүгінгі таңда зертхана, күндізгі стационар сияқты стандартты медициналық қызметтерден басқа, оңалту орталығының жұмысы қарастырылған.

Журналистер атбасын бұрған тағы бір нысан - Үлкен Шыған ауылындағы 90 орындық спорт кешені. Мұнда кең тараған спорт түрлерінен он секция жұмыс істейді.

«ҚОРҒАС-ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ»: МАҢЫЗДЫ 28 ЖОБА ІСКЕ АСТЫ



Жетісу облысының Қытаймен шекаралас аумағындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында бүгінге дейін 28 жоба пайдалануға берілді, тағы 40-тан астамы іске асырылу сатысында.

Тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 113,3 млрд теңгеден, ал

белгіленген жобалардың жиынтық құны 682 млрд теңгеден асады. Аймақта

қазірдің өзінде 1000-нан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды, жаңа өндірістер іске қосылғаннан кейін олардың саны 5000-нан асады деп күтілуде.

Арнайы экономикалық аймақ аумағында күн панельдерін, болат бұйымдарын, тоқыма өнімдерін, құрама жем, жөргек, кофе және тағы басқаларын шығару өндірісі жолға қойылғалы бірнеше жыл болған.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да Сингапур брендімен танымал «MacCoffee» 3х1 шай және кофе шығаратын «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС компаниясы 6 млрд теңгеден астам сомаға инвестициялық жобаны іске асыруда. Дайын өнім Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіледі, содан кейін бірқатар таяу шетелдерге экспортталады.

Ал «Майами Solar» ЖШС компаниясы күн батареяларын өндіруге 1,260 млрд теңге инвестиция салды. Зауытта 67 адам жұмыспен қамтылған. Күн панельдерін шығаруда еуропалық ең озық технологиялар мен жабдықтар қолданылады. Жобаның қуаттылығы жылына 100 Мвт күн панелін өндіруге жетеді.

Барлық өнім АҚШ пен Еуроодаққа мүше елдерге экспортталады. Алғашқы

дайын тауар легі наурыз айында АҚШ-қа жөнелтілді.

Арнайы экономикалық аймақта орналасқан нысанның бірі – жылдық қуаты 60 мың тоннадан асатын «SSA Feed Mills» ЖШС құрама жем зауыты. Бір айда мұнда жүгеріден, бидайдан, бидай кебезінен, арпадан, соядан және т. б. 20-дан астам шикізат түрінен 250 тоннадан астам сапалы өнім шығарылады.

«Standard Steel KZ» ЖШС металл плиткаларын, гофрленген тақтайшалар мен металлосайдинг шығарады. Жобаның құны - 37 млрд теңге. Толық қуатына шыққанда зауыт тәулігіне 10 тонна металл бұйымдарын өндіреді деп жоспарланып отыр.

Алтынкөл теміржол станциясы (теміржол магистралі) – еліміздің көлік саласының халықаралық маңызы бар орасан зор жобасы, әрі Қазақстан мен Қытай арасындағы екінші теміржол өткелі. Станция тасымалдау көлемін ұлғайта отырып, Қытайдан Еуропаға, Парсы шығанағы мен Орталық Азия елдеріне мыңдаған контейнерлер жібереді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотосуреттерді түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА ВИЦЕ-МИНИСТР СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ПОСЕТИЛ ЖЕТІСУ

Основной целью поездки стало ознакомление с текущей ситуацией в аграрной отрасли региона, обсуждение мер по поддержке и развитию сельского хозяйства.

На встрече с аграриями вице-министр сельского хозяйства Амангалий Бердалиев отметил, что область Жетісу занимает важное место в сельском хозяйстве Казахстана.

Доля сельского хозяйства в валовом региональном продукте области составляет около 15,2%.

На 2025 год прогнозируемая посевная площадь сельскохозяйственных культур по Казахстану составит 23,7 млн га, что на 412,6 тыс. га больше, чем в прошлом году. В Жетісу посевная площадь составит 510,7 тыс. га.

Объем семян, необходимый для посевов, составляет 2,3 млн тонн, из которых в Жетісу засыпано 100% необходимого объема.

«Мы продолжаем реализацию системных мер для развития сельского хозяйства и поддержку аграриев, развитие инфраструктуры и модернизация техники остаются важнейшими приоритетами государственной политики», - подчеркнул вице-министр.

В свою очередь сельхозтоваропроизводители озвучили предложения и вопросы, касающиеся развития АПК, проведения весенне-полевых работ, субсидирования.

Во время поездки вице-министр также посетил ряд крестьянских хозяйств, молочно-товарных ферм, откормочных площадок, ветеринарных пунктов и станций, встретился с ветеринарными специалистами и представителями рыбной отрасли.

Вице-министр посетил корпорацию «Жер-Су», реализующую инвестиционные проекты с применением австралийской технологии в сфере мясного животноводства и переработки.

В рамках производственного кластера предусмотрены увеличение поголовья скота в репродукторе, расширение откормочной площадки с 10 до 20 тысяч голов КРС и

с 20 до 50 тысяч голов МРС, строительство кормового завода, установка оборудования для переработки мясной продукции.

Реализация проектов позволит значительно увеличить экспортный потенциал региона, создать дополнительные рабочие

места и обеспечить эффективное развитие мясного скотоводства. В числе проектов завод по переработке продукции пчеловодства, где выпускается натуральный мед, джем на медовой основе, косметическая продукция, включая кремы, бальзамы и другие средства ухода, изготовленные с применением натуральных компонентов.

Амангалий Бердалиев ознакомился с технологическими линиями, стандартами гигиены и упаковки, ассортиментом продукции.

Он отметил важность развития таких интегрированных проектов, которые позволяют не только эффективно перерабатывать сельхозсырье, но и формировать готовую высококачественную продукцию с экспортным потенциалом.

В регионе реализуется 3 молочно-товарные фермы по опыту СКО. Проектная мощность ТОО «ТастобеАгроФуд» составляет 5,7 тыс. тонн молока, ТОО «Тәуелсіздік» - 3,6 тыс. тонн молока и ТОО «Тәу

Самал» - 5,4 тыс. тонн молока в год.

На встречах с СХТП были обсуждены результаты реализации программы и дальнейшие шаги по ее расширению.

Пресс-служба Министерства сельского хозяйства РК



ИНФРАСТРУКТУРА ВО ГЛАВЕ – ПРИНЦИП СИСТЕМНОГО ПОДХОДА



Вчера заместитель акима области Жетісу Асет Канагатов посетил строящиеся в Талдыкоргане объекты инфраструктуры – квартальную котельную в Юго-Западном жилом районе и газопровод с газораспределительными сетями в микрорайоне «Жастар-3».

Квартальную котельную мощностью 49 Гкал/час и стоимостью 11,1 млрд тенге строит подрядная организация ТОО «АЗИЯЭНЕРГОПРОЕКТМОНТАЖ».

Как сообщил исполнительный директор компании Айдар Киялбай, на сегодня завершены работы по железобетонным конструкциям, выполнена половина работ по металлоконструкциям, идет засыпка котлована, готовится фундамент главного корпуса, в конце месяца начнутся монтажные работы. Изготовлены 4 аккумуляторных бака. Завезены 80% металлоконструкций, два котла из шести общих (2 паровых и 4 водогрейных российского производства), а также технологическое оборудование к котлам. В данное время на объекте трудятся около 50 человек.

Котельная после своего ввода в эксплуатацию в октябре этого года, по словам директора предприятия «Талдыкоргантеплосервис» Манархана Ахимбекова, разгрузит головную котельную «Баскуат» и возьмет на себя отопление и снабжение горячей водой 6, 7, 8, 9 микрорайонов. Сможет обеспечить теплом и построенные в будущем 10, 11, 12 микрорайоны.

Замакима области Асет Канагатов в беседе подчеркнул, что данный проект поддержало Правительство страны для бесперебойного прохождения отопительного сезона 2025-2026 годов. Объекту уделяется большое внимание, поэтому необходимо соблюдение всех регламентных работ и строгий контроль со стороны технического и авторского надзора, которыми в данном случае являются ТОО

«СК Энерго-OIL» и ТОО «Казахский Сантехпроект».

Не менее важным, по его словам, является и строительство подводящего газопровода с газораспределительными сетями в микрорайоне «Жастар-3», где в будущем появится большой коттеджный городок.

«Здесь мы планировали выделить земельных участков. После городских общественных слушаний и рассмотрения проекта на общественном совете города привлеченный инвестор, вложив свои средства, начал строительство домов. Данные дома вышло государство по 290 тыс. тенге за 1 кв. метр. В настоящее время сданы 56 коттеджей, до конца года построят еще 200 для категории СУСН. Теперь наша

первая цель – подготовка к новому отопительному сезону. Этот сезон мы завершили как и планировали, без аварийных ситуаций», - рассказал Асет Канагатов.

Но еще до начала строительства, по принципу системного подхода, руководством предварительно был подготовлен проект стоимостью 913 млн тенге и уже в прошлом году проведен конкурс, определен подрядчик - ТОО «JANA KZ QURYLYS» и выделены необходимые средства с местного бюджета.

Согласно проекту общая протяженность сетей составит 24,984 км, будет установлено 7 ГРПШ (газорегуляторный пункт шкафной). Газораспределительные сети будут подведены до стены каждого дома с установкой прибора учета.

«На сегодня определено место дислокации, завезена необходимая техника, специалисты готовы приступить к работе. В первую очередь будет проведен газопровод высокого давления протяженностью 44 км, проходящего вдоль трассы. После всех работ первым этапом к газу будут подключены сданные 56 домов, остальные – по мере их заселения жильцами. Срок завершения строительства – начало сентября текущего года. В целом проектом предусмотрено обеспечение природным газом 790 домов», - отметил руководитель отдела газификации управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Азамат Кемелов.

Еще раз подчеркнув, что проект значимый, Асет Канагатов дал поручение руководителю управления энергетики и ЖКХ подготовить график производственных работ, а также отметить необходимость завершения проекта в срок, чтобы жильцы с началом холодов уже могли жить без проблем и в тепле.

Алма УРАЗАЕВА
Фото: Серик КАНТАЙ

ЗАСЕДАНИЕ РУКОВОДСТВУЯСЬ ИЗМЕНЕНИЯМИ В ОБЛАСТИ ОНОМАСТИКИ

В четверг во Дворце языков прошло заседание областной ономастической комиссии под председательством заместителя акима области Диаса Есдаулетова, с участием членов комиссии, заместителей акимов, руководителей отделов внутренней политики районов и городов региона.

В ходе заседания рассмотрены ряд вопросов. В частности, руководитель управления общественного развития Бауыржан Абибеков рассказал о результатах плановой работы по изучению состояния ономастической ситуации в Алакольском и Панфиловском районах. В ее ходе рассмотрена проделанная работа по вопросам ономастики, оформления уличных аншлагов, визуальной информации и рекламы в соответствии с Законами «О языках в Республике Казахстан» и «О рекламе». Выявлены и ошибки в размещении и оформлении визуальной информации в указанных районах. Так, в одной из школ Алакольского района внутришкольные стенды, названия папок с документами оформлены только на русском языке. Оформление вывесок, объявлений, реклам, ценников в некоторых магазинах, мини маркетах, объектах общепита, киосках Кабанбайского сельского округа не соответствуют Закону РК «О языках». Такая же ситуация наблюдается и в городе Жаркенте Панфиловского района.

Руководитель управления также отметил, что в соответствии с поручением Главы государства по централизации отрасли ономастики совместно с Министерством национальной экономики в рамках проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственного контроля и статистики, совершенствования системы защиты населения, управления данными, регистрации юридических лиц и исключения излишней законодательной регламентации» внесены предложения о передаче некоторых функций областной ономастической комиссии в компетенцию Республиканской ономастической комиссии.

«В частности, внесены изменения в статьи 25-1 Закона «О языках в Республике Казахстан» и 11 Закона РК «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан». В соответствии с внесенными изменениями теперь вопросы по присвоению наименований населенным пунктам, улицам в городах районного значения осуществляются по согласованию с Республиканской ономастической комиссией. Поэтому напоминаю, что в дальнейшем ономастические работы необходимо проводить, руководствуясь указанными изменениями», - отметил Бауыржан Абибеков.

В свою очередь заместитель акима Панфиловского района Канат Досмаилов и руководитель отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Алакольского района Бейбит Айтахметов доложили о работе, проводимой в их районах по ономастике и оформлению визуальной информации в соответствии с Законом «О языках РК», а также по устранению упущений, выявленных в ходе вышеуказанных проверок.

Вместе с этим затронут вопрос актуализации списков имен ветеранов Великой Отечественной войны из районов и городов области с целью увековечения их памяти в честь 80-летия Великой Победы. Председатель заседания Диас Есдаулетов подчеркнул, что это также уникальная возможность воскресить забытые или неправомерно вычеркнутые имена людей, внесших и свой вклад в победу. Имена ветеранов ВОВ должны носить улицы наших сел и городов, они должны остаться в памяти потомков.

Мнением о совершенствовании сферы ономастики, затронутой на IV заседании Национального курултая, поделилась Президент областного гражданского Альянса, член Общественного совета области Жетісу и член нынешнего курултая Дания Кыдырбаева.

В завершение мероприятия заместитель акима области Диас Есдаулетов дал ряд поручений присутствующим: провести анализ идеологически устаревшим наименованиям населенных пунктов, улиц, объектов государственной собственности; держать на строгом контроле сохранность наименований из актуализированных списков «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары», «Дәстүрлі атаулар»; контролировать оформление уличных аншлагов, визуальной информации в соответствии с Законом «О языках Республики Казахстан» и другие.

Напомним, заседания областной ономастической комиссии проводятся раз в квартал.

А. ЖАНДОСҚЫЗЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ 60 ОТБАСЫҒА БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Өз баспанаңа ие болу үлкен бақыт. Талдықорғандық әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтар, жетім балалар, көпбалалы отбасылар жаңадан бой көтерген «Бірлік» шағын ауданынан 60 пәтер кілтін иеленді.

Көктемнің жаймашуақ күнінде тұрғындар қуанышқа бөленді. Оларға пәтер кілтін Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл табыстады.

— Заманауи үлгіде салынған, әдемі, жайлы үй біршама жылдан бері кезекте тұрған азаматтарға беріліп отыр. Пәтерлердің алғашқы легін «Шаңырақ күніне» орай 60 отбасыға облыс әкімі Бейбіт Исабаев арнайы келіп табыстап, қуаныштарымен құттықтаған болатын. Бүгін міне, тағы да 60 жанұя қоныстойын тойламақ. Бұл игі іс жалғасатын болады. Осы шаңырақтарыңыз құт-береке, қуанышқа толсын. Ұлдарыңызды-қуяға, қыздарыңызды-қияға қондыратын жайлы қоныс болсын!

Жыл соңына дейін тағы да 1500-ге жуық отбасыны жайлы баспанамен қамтысақ деген жоспарымыз бар. Ал осы жылдың басынан бері бүгінгіні қосқанда 248 отбасы баспаналы болды, — деп атап өтті қала басшысы.

Бұл пайдалануға берілген үйде 3 бөлмелі — 30 және 1 және 2 бөлмелі 15-15-тен пәтерлер бар.

Баспанаға қол жеткізгендердің бірі — алты бала тәрбиелеп отырған, «Күміс» алқа иегері Әйгерім Қайыпбекова. Ол осыдан 11 жыл бұрын тұрғын үй кезегіне тұрған:

«Біздің отбасымызда қуаныш. Үш бөлмелі пәтердің кілтін қолыма алдым. Бұл — біздің үлкен отбасымыз үшін ең бақытты күндердің бірі. Отағасы Бүркіт екеуіміздің шаңырақ көтергенімізге 20 жылдан асты. Жалдамалы пәтердің бірінен-біріне көшіп жүруден шаршадық, әрі қиын, әрі қымбат. Бүгін көптен күткен қуанышты



сәтіміз туды. Шын жүректен ризамыз! Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалып жатыр. Біз сияқты көпбалалы аналар және басқа да категориядағы азаматтар үйлі болып жатыр. Қоныстой құтты болсын», — дейді жаңа қоныс иесі.

Тағы бір тұрғын ризашылық күйіппен ізгі тілегін білдірді: «15 жыл кезекте тұрдық. Тұрмысбеков Берік пен Махаббат атты немерелерімді оқытып, тәрбиеледім. Олардың жеке пәтері болғандығына қуанып тұрмын. Жылы, жайлы қоныста тұратын болды. Облысымыздың өркендеуіне балаларымыз қызмет ете берсін. Өмірлері жарқын, аспандары ашық, бейбітшілік болсын!», — дейді Шолпан Мұсанова.

«Балам Бекұлан Қожанов ел қорғау саласында, осы қаладағы әскери бөлімде қызмет жасады. 15 жыл тұрғын үй кезегін күтті. Алайда, бұл күнге жете алмады. Қайтыс болып кетті, ал бүгінгі пәтер кілті мұрагер ретінде маған табысталды», — дейді Иманғалиева Ізтілеу апа.

Данагүл МӘКЕН

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ҚАРАЛДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қаланың 29 тұрғынының сұрақтары негізінен тұрғын үй кезегі, әлеуметтік салаға және ауланы абаттандыру, жер мәселесіне қатысты болды.

Қала басшысы азаматтардың мәселелерін шешу бойынша сала басшыларына тапсырма берді.



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҮЕҰ: 100-ГЕ ЖУЫҚ ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ



Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында Жетісу облысы әкімдігі жанындағы ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті.

Жиында алдыңғы отырыс хаттамасының орындалуы, сараптамалық кеңестердің құрамын бекіту, Кербұлақ, Панфилов аудандары мен Талдықорған

қаласының ҮЕҰ-мен жұмыс тәжірибесі қаралды.

Айтар болсақ, жалпы Жетісу облысында 500-ден астам ҮЕҰ тіркелген. Оның 100-ге жуығы әлеуметтік маңызды салаларда белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Биыл 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлініп, 100-ге жуық жоба жүзеге асырылады. Мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы серіктестік — қоғамның өзекті мәселелерін бірлесе шешудің тиімді жолы.

Өз тілшіміз

ТУРНИР

«МЕКТЕП БАРЫСЫ-2025» ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

«Жетісу Жастары» орталығында қала әкімі Ернат Бәзіл «Мектеп Барысы-2025» қалалық турниріне қатысатын жас спортшылармен кездесті. Қала әкімі жас балуандарға сәттілік тілеп, алдағы жарыста жеңіске жету үшін бар күшін салуға шақырып, олардың толғандырған сұрақтарына жауап берді.

Бұл турнир жас өрендерге өз күшін сынауға мүмкіндік беріп, қазақ күресін одан әрі дамытуға бағыт-

талған. Қала әкімдігі тарапынан көрсетілетін қолдау жастардың спорттық жолында үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Ернат Бәзіл өз сөзінде спорттың жастарды тәрбиелеудегі маңыздылығына ерекше тоқталды.

Аталмыш жарысқа қала мектептерінен іріктелген оқушылар арасынан 27 балуан қатысып, «Мектеп Барысы-2025» белбеуі үшін таласатын болады. Айта кетейік, «Мектеп Барысы-2025» мектеп оқушылары арасында өтетін қазақ күресінің ақтық кезеңі 18 сәуір күні сағат 16:00-де І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жатақхана алаңында (Шатыр) өтеді.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЫНТЫМАҚ ПЕН КЕЛІСІМ

Еліміздің дамып, өркендеуінің басты себебі- мемлекетімізде ұлттар мен халықтардың қалыптасқан достығы, мызғымас татулығы.

Қай заманда болмасын қазақ өте бауырмал халық екенін дәлелдеп, көрсетуде. Осы қасиетімізді ұдайы дәріптеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу барша қазақстандықтардың міндеті. Қазақ халқы жеріне пана іздеп келген басқа ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алып, бауырына басқан. Сөйтіп, қазақ елі көп ұлтты мемлекетке айналды. Бүгін елімізде 130 - дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Осының бәрі достықтың, бірліктің, шынайы қарым-қатынастың арқасы деп білеміз.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Осы кезең ішінде халық арасындағы келісім мен бірлік, татулық пен достық толық нығайды деуге болады. Осыны ары қарай дамыту мақсатында әр ұлт өкілдері елімізде болып жатқан барлық науқандарға қатысып, өз үлестерін қосуда. Ол саяси, мәдени, қоғамдық, ғылыми, әлеуметтік, құқықтық іс-шараларда барлық ұлттар бір адамдай атсалысуда. «Бірлік болмай тірлік болмас». Бұл қағида бүгінде өз маңыздылығын жойған жоқ.

Батыр бабамыз, жазушы Бауыржан Момышұлы: «Әрбір азамат өз ұлтын сүйе тиіс және өз ұлтына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуі тиіс» - деген екен.

Өз ұлтын сүйе, құрметтеу деген басқа ұлттарды жеккөру, сыйламау дегенді білдірмейді. Барлық адам өз ұлтын сүйіп қана қоймай, өзгелерді де бауырым, ағайыным деп құрметтеуі қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Этносаралық және конфессияаралық келісім — біздің баға жетпес байлығымыз. Болашақ мемлекет үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлікті сақтауға және нығайтуға міндеттіміз» деп атап өтті.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы — бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі, қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуде өзекті рөл атқаруда. 30 жылдық мереке бұл жай цифр емес — бұл өткенді саралап, бағалап болашаққа үлкен жоспарлар құрып, іске асыру. Осы бағытта Ассамблея өз жұмысын тиімді, тұрақты, ауқымды жалғастыра беретініне сенімдіміз.

Себебі, Ассамблея Қазақстан тарихындағы өшпес із, ынтымақ пен келісімнің символы.

С.ДОЛАЕВ,
«Н.Островский атындағы №8 орта мектеп»
КММ-нің директоры



ҚАЛА КӨРКІ: 210 КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында 200-ден аса ағаш көшеті егіліп, қала көркін келтіру жұмыстары жалғасын тапты.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мәліметінше, ағаш көшеттері Жансүгіров көшесінің бойында және орталық саябақ аумағында отырғызылған. Барлық көшеттер қарағай және жапырақты ағаштар.

Жалпы, биыл Талдықорған қаласында 12 мың жапырақты және қылқан жапырақты ағаш отырғызу жоспарлануда. Оның 2 мыңға жуығы көктемде отырғызылып, 10 мыңнан астамы күзде егілмек.

Сонымен қатар, қаланы көгалдандыру жұмыстары аясында биыл 80 мың түп гүл шоқтарын да отырғызу жоспарлануда.

ТАЗАЛЫҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ

5 сәуір күні Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жоспарланған жалпықалалық сенбілік ауа райының қолайсыздығына байланысты өтпеген еді. Алайда бұл жағдайға қарамастан коммуналдық қызметкерлер таңнан кешке дейін қала аумағында тұрғындардың аулаларға шығарған тұрмыстық қоқыстарын шығаруға көмектесті.



Нәтижесінде, қала аумағынан 1800 тонна қоқыс шығарылды. Бұл жұмыстарға 67 арнайы техника жұмылдырылды, ал қала тұрғындары да белсенділік танытып, өз үлестерін қосты.

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов:

— Ауа райының қолайсыздығына байланысты 5 сәуірдегі сенбілік кейінге ауыстырылды, бірақ жалпы сенбілікті өткізу бойынша насихаттау жұмыстары 31 наурыздан басталған болатын. Жеке сектор мен көпқабатты тұрғын үй аумақтарынан қатты тұрмыстық қалдықтар жинау жұмыстары кең ауқымда жүргізіліп, екі тәулікте 2 мың тоннаға жуық қоқыс жиналып, шығарылды. Бұл жұмыстар әлі де жалғасатын болады, — деп атап өтті.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



АСҚАР ҚОЖАБЕРГЕНОВ – 28 ГВАРДИЯШЫ ПАНФИЛОВШЫ БАТЫРЛАРДЫҢ БІРІ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне 3 қаңтар күні берген сұхбатында: «Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейлі белесін атап өтеміз, Қазақстан үшін бұл датаның символдық мәні зор. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарға көптеген іс-шара қамтылған» -деп атап көрсетті.

Осы орайда 28 панфиловшы батырларды еске алу, олардың есімін атап өту міндет. Мәскеу үшін болған қиян-кескі аласапыран шайқаста өмірлерін Отан үшін қиған батырлар: Василий Клочков, Гавриил Митин, Григорий Безродный, Николай Болатов, Яков Бондаренко, Петр Дутов, Петр Емцов, Николай Апаньев, Нурсутбай Есеболатов, Дмитрий Колейников, Әліпбай Қосаев, Асқар Қожабергенов, Григорий Конкин, Абрам Крачков, Николай Максимов, Иван Москаленко, Николай Матченко, Иван Натаров, Григорий Петренко, Мұсабек Сенгірбаев, Душанкул Шапоков, Николай Трофимов, Иван Шепотков. Тірі қалғандар: Дмитрий Тимофеев 1907 жылы туып, 1949 жылы қайтыс болған, Григорий Шемякин 1906-1973 жыл, Иван Добробабин 1996 жылы, ал Шадрин Иван 1913-1985 жылы, Васильев Илларион 1910-1969 жылы дүниеден өтті. Осы 28-дің 22-сі қазақстандықтар санатында. Солардың арасында 12 жауынгер - Жетісу өлкесінен.

Жетісулық Асқар Қожабергенов Кеңес Одағының батыры 28 гвардияшы панфиловшы батырлардың бірі. Асқар Қожабергенов туралы «Герой Советского Союза. 1975 г.» кітабында былай деп жазылған: ол Алматы облысы, Қаратал ауданында 1917 жылы туған. Соғыстың алдында Большевик колхозында (қазіргі Еңбекші ауылдық округі Көксу ауданы) тракторшы болып жұмыс істеген. Ел басына күн туғанда Отан қорғауға аттанған. 316 атқыштар дивизиясында 1075 полктың, 4 ротасының, 2-взводында жауынгер болған.

Асқар атамyz Дубосеково развезінде ерлікпен шайқасқан батырлардың бірі. Танк жойғыштар тобының мүшесі. Бұл топ ерлікпен шайқасып, фашистердің 18 танкін жойған. Кезінде Отанымыздың жүрегі болған Мәскеуді қорғау жолындағы ұрыста қаза тапқан.

Атамыздың ерлігі бағаланып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1942 жылғы 21 шілдесіндегі Жарлығымен Асқар Қожабергеновке Кеңес Одағының батыры атағы берілген.

Батыр туралы деректер көп. Мәселен, майдангер, жазушы Мүслім Бөбекулов 1968 жылы Алматыда шыққан «Мұсабек Сенгірбаев» кітапшасында батырлар туралы бәрін егжей-тегжейін баяндаған. М.Бөбекуловтың жазғаны бойынша

атақты қамал бұзар қаһарман Бауыржан Момышұлы басқарған полктың бірінші батальонында Мүслім Бөбекулов, ал екінші батальонында Асқар Қожабергенов пен Мұсабек Сенгірбаев болған.

Ата-анасынан ерте айырылған Асқар жетім балалар үйінде тәрбиеленген. 1932 жылғы зұлмат ашаршылықта Асқар мен Мүслім Мұқырыдағы балалар үйінде бірге болып, бір тілім нанды бөліп жеген. Тағдырдың талқысымен майданға да бірге шағырылып, 316 дивизия құрамында да бірге болған.

Асқар Қожабергенов, Мұсабек Сенгірбаев, Мүслім Бөбекулов, Иван Шадрин 1941 жылы Үштөбе станциясынан соғысқа бірге аттанған. Үштөбе станциясындағы Қаратал ауданының соғыс комиссариаты кеңсесі алдында әскери комиссар Ж.Волков сөз сөйлеп, соғысқа аттанушыларға жеңіспен оралуды тілеген. Сол жерден поезға отырып, соғысқа шақырылған азаматтар Алматыға жетіп, 316 атқыштар дивизиясының сапына қосылған. 18 тамыз күні поезға мініп, Отанымыздың сол кездегі астанасы Мәскеуге бет алып, одан өткен соң Ленинградқа қарай жүріп, Белоогов қаласын басып өтіп, Новгород облысындағы Крестцы қаласының маңына орналасып, әскери даярлыққа кіріскен. 10 қазан күні Волоколамск станциясына келіп, қазанның 12 күні Осташево қаласының Булагшево совхозы жағынан бекініс жасаған.

1941 жылдың 16 қарашасында Гундилович басқаратын 4 ротаның, 2-ші және 6 взводтарынан іріктеліп алынған танк жойғыштар тобының жауынгерлері ерлік көрсетіп, әлемді таңқалдырған. Фашистердің полкқа қарсы шығарған 50 танкімен 28 жауынгер ғана ерлікпен шайқасып, бронзижан жамылған тажалдың 18-ін өртеп жойған. Бүтін бір полктың ауыр зіл батпан салмағын өздері көтерген 28 жауынгердің ерлігі әлемге жайылған. Адам сенгісіз асқан ерлік иелеріне деген қошемет пен сүйіспеншілікте шек болмаған.

Ұлттық кітапхананың мұрағаттар бөлімінен 1975 жылдың алғашқы тоқсанында шыққан аудандық «Еңбек туы» газетінің тігіндісін қарасақ, газеттің соңғы бетіндегі Панфиловшы соғыс ардагері, ардақты ұстаз М.Бөбекулов ағаның «Асқар батыр» деген мақала газеттің бес нөмірінде (39-43) жарияланған. Газеттің 42-

43 нөмірінде 1941 жылдың қарашасындағы кескілескен қанды шайқасты суреттейді. Жау алдымен самолеттен бомба жаудырып, артиллериядан оқ боратты. Жер бетінің астан-кестені шықты. Осыншалық ғаламаттың әсерінен жер бетінде не тіршілік қалды дейсің? Жау солдаттары оқ жаудырып, бой тасалауды білмеді. Фашистер бекініске жақын қалғанда политрук Клочков ысқырып қалды. Асқар оқ боратып еркінсіп келе жатқан жау қатарын жапыра құлатты. «Танктерді құртындар» деген политруктың саңқ еткен дауысы естілісімен-ақ бекіністен граната бумалары мен жандырғыш шөлмектер жау танкілеріне жаудырылды.

Асқар жақындаған бір танкті өртеп жіберді. Мұсабек досы да, ауыр танкіні жалынға орады. Крюково, Кемидово, Дубосеково, Петпикиво деревняларын фашистер осы жолы басып алды, бірақ та болдырған аттай боп кібірткіптеп ары қарай шабуылдауға шамасы жетпеді. Көп шығындалды. Осы ұрыстардан кейін ротадағы 140 жауынгерден 25 ғана солдат қалды.

Ұлтжанды азамат Шаймерден Әлдибекұлы бозторғайша шырылдап, Асқар тағдырына араласқан нағыз азаматтың бірі.

Серік Негимовтың «Санат» баспасынан шыққан «Мәлік Ғабдуллин» атты кітабында мына жолдарды келтіреді. «Атақты 28 гвардияшы-панфиловшылардың ішінде қазақтар болды. Мәселен: Нұреутбай Есеболатов, Әліпбай Қосаев, Асқар Қожабергенов, Мұсабек Сенгірбаев. Олардың атын кең жаһан естіді, қазақ деген ұлттың барын білді». (Санат баспасы 2001 ж 79-бет).

Оқ пен оттың ортасында шыныққан командир Мәлік Ғабдуллиннің айтқаны, бұл батырлар еліміздің мақтанышы бетке ұстар тұлғалары.

Аса көрнекті кеңес ақыны Николай Тихонов 1942 жылы «28 батыр ерлігі» деген көлемді дастан жазды. Панфиловшы батырлардың ерліктерін көкке көтере суреттеп, оларды теңдессіз батыр деп санады. Поэмада алып тау көтерген толағайдай болған Асқар ерлігі де суреттеледі.

Жалпы көпұлтты кеңес әдебиетінде 28 гвардияшы-панфиловшылардың ерліктері өлең жырдың өзегі болып, 150 ұлт-этнос тілінде жырланды. КСРО-ның бұрынғы қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы Д.Язовтың «Москваны қорғаушылар» туралы кітабы шыққан. Онда 28 батырға жоғары баға берілген. Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетіп, жасалған жаудан тайсалмай қарсы шайқасып үлкен ерлік көрсеткен.

28 батырды халық ақындары Н.Байғалин, Қ.Жаппарбаев ерекше шабытпен жырлады. Батырлар есімдері адамзат тарихында алтын әріппен жазылды. Мүслім ағаның жазған «Еңбек туы» газетінің №43 санында Большевик селолық советіне мәңгілік сақтауға жіберген КСРО Жоғарғы Кеңесінің грамотасы бар. Онда былай деп жазылған, «Герою Советского Союза, Президиум Верховного СССР, Указ от 21 июля 1942 года. За образцовое выполнение боевых заданий командования с немецкими захватчиками и проявленные

при этом отвагу и героизм, присвоить Кожабегенову Аскару звание Героя Советского Союза».

Осыдан 60 жылдай бұрын мен Кировскіде (Балпық би, Алдаберген) Луначарский атындағы орыс мектебінде оқып жүрген кезім. Ол заманда кентте қазақ мектебі болмаған. Сол кездері Совет Одағының батыры панфиловшы И.Д.Шадрин мектепке келіп, жауынгерлердің ерліктерін әңгімелеп беруші еді. Сонда мақтаныш кеудемізді кернейтін.

Сол кездесулердің бірінде Иван Демидовичке мен сұрақ қойған едім. «Насколько вы, Иван Демидович, знакомы с героем Аскармом Кожабегеновым и, что вы можете рассказать нам о нем?» - деп. Сондағы батырдың берген жауабы былай еді: «Я не то, что близко, а братски знаком с Аскармом Кожабегеновым, мы вместе воевали с фашистами. Он настоящий герой погибший защищая нашу Родину, Аскар и Мусабек погибли ради победы, чтобы вы, дети учились и жили счастливо. Они похоронены в одной братской могиле, их нельзя было разлучить и после смерти. Царствие им небесное» деп еді. Ол уақытта И.Д.Шадринге де ескерткіш орнатылмаған еді.

Немидово мен Дубосеково арасында киелі жердің кіндігіне ұқсас жерде 251-ші шоқыда «Даңқ шебі» мемориалы орнатылған. Немидово деревнясында 28 панфиловшылар арналған мұражай бар.

Ал мына дерек Қазақстан Республикасы халық ағарту үздігі Сембек Қошқановтың естелігінен. «Асқар Қожабергенов 28 гвардияшы батырдың бірі, біздің Көксу ауданынан шыққан жерлесіміз. Өзім мұғалім болып істеген Қызылжар орта мектебіндегі ашылған Мұсабек Сенгірбаев атындағы тарихи өлкеден мұражайында, Асқар туралы деректер бар».

Жетісудың күндіз күміс, түнде алтын боп ағатын ару өзендері, Көксу мен Қараталдың арасына орналасқан Кеңарал ауылы жасыл желекке бөленген. Ағаш бұталары қос өзенде мұқайып тұр, себебі қамал бұзар қаһарман батыр Асқар Қожабергеновты жақтап тұрғандай. Батырға мәңгілікке ескерткіш керектігін С.Қошақанов осылай армандап еді. Көзден кетсе де көңілден кетпес әңгіме.

Алматы қаласында 28 панфиловшылар саябағында 28 батырға обелиск орнатылған сол қатарда Қожабергенов Асқардың да аты-жөні жарқырап тұр.

Түркісіб санаторияның жанында А.Қожабергенов атындағы көше бар. Талдықорғандағы орталық демалыс саябағындағы ескерткіш тақтайшада батырдың есімі жазылған.

Талдықорған, Үштөбе қалаларында, Көксу ауданының Көксу бекеті, Зылиха Тамшыбай ауылында батырдың атымен аталған көшелер бой көтеріп тұр. Еңбекші селолық аймағының әкімшілік мекемесінің алдында А.Қожабергеновке құрмет тақтайша орнатылған. Көксу ауданы батырлар мекені Жетісудың даңқын көтерген батырлардың рухына Жеңістің 80 жылдығына жер жаннаты өңірінің халқы тағзым етіп, еске алады.

**Қожабек Баймырзаұлы
ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
Көксу ауданының Құрметті азаматы,
батырдың немересі**

1963-1982 жылдары Үшарал қаласындағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім, директорын оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқара жүріп зейнеткерлікке шығады.

Ұстаздық жолында елімізге белгілі талай шәкірттерді тәрбиелеп білім беру саласына үлкен үлес қосқан еңбегі еленіп көптеген марапаттарға ие болды.

Соның біразына тоқталар болсақ, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» медалімен және Отан соғысының мерейтойлық медальдарымен бірге көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бүгінгі таңда апайымыз 5 бала, көптеген немере, шөберелер сүйіп, ұрпағымен мың жасап отырған аяулы ана, асыл әже.

Мәліш апамыздың қазіргі арманы бүгінгі өскелең ұрпағымыздың өзінің замандастарының көрген қиыншылықтарын көрмей, аспандары ашық, замандары тыныш болып, ашық аспан астында бақытты өмір сүрсе екен дейді.

**Дәнегүл СЕЙІТҚҰЛОВА,
Талдықорған қалалық ардагерлер
кеңесінің әжелер төрайымы**

ТЫЛ АРДАГЕРІ

ЖЕҢІС ҮШІН ТЕР ТӨККЕН

Шәкенова Мәліш Шәкенқызы 1933 жылдың 8 наурызында Талдықорған облысы, Андреев ауданы, Екпінді ауылында өмірге келген. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері.

Мәліш апамыздың да балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келіп сол кездегі өз қатарластарымен бірге «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен майдан даласында жүрген әкелерінің елге жеңіспен оралуына өз үлестерін қосу үшін балалық шағын ерте тоқтатқандардың бірі.

Ол кісінің естелігі көз алдында. Небәрі 3-сынып оқып жүргенде жасы 10-11-лер шамасында барлығы жетекшілеріне еріп егін алқабына барып қолдарына бір-бір орақ алып егін орып, шөмеле салып, күзде тауға барып отын шауып мектепке отын дайындайтын еді. Қыс түскенде жүн жуып аналарымен бірге жіп иіріп шөлкей, нәски тоқып, оны майдан даласында жүрген әскерлерге жіберіп отырған. Көктем шыға тауға ба-

рып тал әкеліп мектептің айналасына тал отырғызады, мал төлдегенде сақманға барып ер балалар қой жайса, қыз балалар қозы бағып, оларға сүт беріп асырадық деп еске алады. Сақман аяқталған соң қой қырку басталып ер балалар жүн қырқып, қыз балалар қырқылған жүнді қапқа салып аябай еңбек етіпті. Елмен бірге Жеңіс күнін жақындатуға аябай еңбек ете жүріп балалық шағын өткізген.

Кейін Екпінді орта мектебін аяқтаған соң Алматы қаласындағы Қыздар педагогика институтының география факультетіне оқуға түседі.

Институт бітірген соң еңбек жолын Андреев ауданы, Тастұма жетіжылдық мектебінен бастаған. Одан кейін сол ауданда Комсомол орта мектебінде еңбек етеді.



ОРТАҚ МҮДДЕ

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Талдықорған қаласы бойынша денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстар жайында №2 Талдықорған қалалық емханасының директоры ЖҮСПАЛИЕВА Гүлнафис Бериятқызы мәлімдеме жасады:

– Құрметті қала тұрғындары!

Денсаулық сақтау саласының дамуы елдегі халықтың денсаулығын нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және демографиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Сондықтан денсаулық сақтау саласына үлкен көңіл бөлініп, қаржы бөлінеді.

Талдықорған қаласының тұрғындарына медициналық көмек 64 медициналық мекеме арқылы көрсетіледі, оның ішінде 26 мемлекеттік, 38 жекеменшік (оның ішінде 15 медициналық мекеме және 23 стоматологиялық кабинет бар), онда 921 дәрігер мен 2830 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. 10 мың тұрғынға 44,4 дәрігер мен 136,4 орта медициналық қызметкер тиесілі.

2024 жылы жоспарлы профилактикалық тексерулерге 95,8 мың адам қамтылып, олардың ішінде 8,6 мың ауру анықталды. Барлық анықталған науқастар диспансерлік есепке алынып, сауықтыру шаралары жүргізілуде.

Портал бюросы арқылы жергілікті, аймақтық және республикалық емдеу мекемелеріне 16,4 мың адам жіберілді.

Қала тұрғындары арасында медициналық сақтандыру жүйесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 18 мыңнан астам қала тұрғыны кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясында 1 461 млн. теңге сомасында тегін дәрі-дәрмек алды.

Маман тапшылығы басты мәселелердің бірі болып отыр. Қалада 87 дәрігер жетіспейді (12 жалпы тәжірибелік дәрігер, 10 реаниматолог-анестезиолог, 8 терапевт, 7 невропатолог, 6 акушер-гинеколог және басқалары). 2024 жылдан бастап қажетті медициналық кадрларды тарту мақсатында қалаға 5 млн. теңге көтермеақы төленуде. Қазіргі таңда Талдықорғанға келген 20 маман осы төлемдерді алды.

2024 жылы 1 ана өлімі тіркелді (2023 жылы – 0), 23 сәбилік өлім жағдайы орын алды (2023 жылы –

28). Әрбір жағдай бойынша талдау жүргізіліп, сәбилік өлімнің басым бөлігі перинаталды кезеңдегі аурулар мен туа біткен аномалиялардан туындаған. Ана мен бала өлімін төмендету мақсатында кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, әмбебап-прогрессивті патронаж моделі енгізілді, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілді.

Қала тұрғындарының денсаулығының жай-күйін талдай отырып, көптеген көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. 2024 жылы туберкулез ауруының көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 38,7-ден 35,6-ға дейін, қан айналымы жүйесінің аурулары 2452-ден 2441-ге, қатерлі ісіктер 358,8-ден 340, 1-ге дейін төмендеді. Қатерлі ісіктерден қайтыс болу деңгейі 93,75-ден 87,54-ке, жалпы өлім-жітім көрсеткіші де азайды.

Өткен жылы 3389 нәресте дүниеге келді (2023 жылы – 3607), 1250 адам қайтыс болды (2023 жылы – 1281). Осылайша, қаланың табиғи өсуі 2139 адамды құрады (2023 жылы – 2326).

Әрі қарай, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы үнемі жақсартылып, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

2024 жылы қаланың медициналық ұйымдарына жалпы құны 2,8 миллиард теңге болатын 97 бірлік құрал-жабдық және 103,2 миллион теңге сомасына 4 жедел жәрдем көлігі сатып алынды.

Өтенай ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға қосымша блоктың құрылысы жалғасуда (халқының саны – 10 612), ол күніне 100 адам қабылдай алады. Құрылыстың аяқталуы осы жылға жоспарланған (құны – 588 миллион теңге, дайындық деңгейі – 70%).

2027 жылға дейін қалада жаңа онкологиялық орталықтың құрылысы жоспарланған, ол 200 орындық болады. Маусым айында «Kazakhmys Holding» компаниясымен ұшжақты меморандумға қол қойылды, оның құны 28 миллиард теңге.

Оңтүстік-Батыс ауданында салынып жатқан облыстық сот ғимараты поликлиникаға қайта жөнделеді, оның сыйымдылығы – 500 қабылдау. Жобаның құны – 11,4 миллиард теңге. Құрылыс-монтаж жұмыстары республикалық бюджеттен қаражат бөлінгеннен кейін басталады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР БЕРУ ТӘРТІБІ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік архивке сақтауға қабылданған құжаттардың негізінде, жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын қанағаттандыру мақсатында, архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелерді береді. Сонымен қатар тақырыптық сұранымдарды да орындайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтері және олардың филиалдарымен жеке және заңды тұлғаларға ақысыз көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына, яғни, халыққа қызмет көрсету орталығы және «Электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. «Е-өтініш» бірыңғай платформасы, басқа да ақпараттық жүйелер арқылы аталған мемлекеттік қызмет көрсетілсе, бұл бұзушылық болып есептеледі.

АНЫҚТАМА РЕТІНДЕ: «Е-өтініш» бірыңғай платформасы, басқа да ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен өтінімдерге жауап ретінде түсіндірме хат жолданады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет рәсімнің нәтижесі – әлеуметтік-құқықтық сипаттағы келесі мәліметтерді: жұмыс өтілі, жалақы мөлшерін, білімін, марапатталғанын және тағы басқа мәліметтер жөніндегі мәліметтерді растау туралы архив анықтамасы немесе олардың болмауы туралы жауап, немесе архивтік құжаттардан куәландырылған архивтік көшірмелер мен үзінділер.

Құжаттардың толықтығын тексеру, архивтік анықтаманы рәсімдеу, құжаттарды көрсетілетін қызметті, берушінің басшысына жіберу 11 (он бір) жұмыс күннен аспайды. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың, сондай-ақ уақыты бес жылдан асқан кезеңнің құжаттардың зерделеу қажет болған жағдайларда, көрсетілетін

қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің күнтізбелік 25 (жырма бес) күннен аспайтын мерзімге ұзарта алады, бұл туралы құжаттар тіркелген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін жүзеге асырады. Түсіліс сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін.


Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді. Архив мекемелері мемлекеттік сақтауға өткізілген құжаттардың негізінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен сұраныстарына сәйкес қажетті архивтік анықтама, архивтік үзінді және архивтік көшірме беруге міндетті.

Өтініш иесіне берілетін жауап архивтік анықтама, архивтік үзінді, архивтік көшірме болады. Сұрап отырған мәліметтер архивте жоқ болған жағдайда теріс жауап беріледі.

Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұранысты орындау барысында, 2024 жылы Жетісу облысының мемлекеттік архиві 19117 сұраныстары орындалды, 2025 жылдың, қаңтар ақпан және наурыз айларында 5888 сұраныстары орындалды.

Жетісу облысының мемлекеттік архивінің мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 10 үй, электрондық поштасы – zhetisu.archiv@mail.kz, байланыс телефоны – 8 (7282) 25-07-37, 25-34-54.

Гүлмира ДҮЙСЕНБЕКОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бөлім басшысы



РОЛЬ СЛУЖБЫ ПОДДЕРЖКИ ПАЦИЕНТОВ В ЗДРАВООХРАНЕНИИ

Служба поддержки пациентов играет важную роль в обеспечении доступности и качества медицинской помощи. Основная задача специалистов этой службы, включая медицинских сестер, заключается в создании комфортных условий для пациентов, разъяснении информации о лечении и сопровождении на всех этапах медицинского обслуживания. Работа службы поддержки пациентов способствует повышению уровня удовлетворенности пациентов и снижению уровня стресса при пребывании в медицинских учреждениях.

Одним из ключевых аспектов работы службы поддержки пациентов является оказание консультативной помощи. Медицинские сестры объясняют пациентам порядок оказания медицинской помощи, помогают разобраться в медицинской документации, оказывают психологическую поддержку. Особенно важно это для пожилых пациентов и людей с ограниченными возможностями, которым требуется дополнительное внимание и сопровождение.

Также служба поддержки пациентов активно взаимодействует с врачами, медицинским персоналом и администрацией клиники, передавая информацию о потребностях и жалобах пациентов. Это позволяет своевременно реагировать на возможные проблемы, улучшать организацию лечебного процесса и повышать общий уровень медицинского обслуживания.

Таким образом, роль службы поддержки пациентов в здравоохранении трудно переоценить. Благодаря профессионализму и внимательному отношению медицинских сестер пациенты чувствуют себя более уверенно, получают необходимую информацию и поддержку, а также быстрее адаптируются к условиям стационара. Совершенствование работы данной службы способствует улучшению качества медицинских услуг и повышению доверия к медицинским учреждениям.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ПАЦИЕНТОВ В БОЛЬНИЦЕ

Психологическая поддержка играет важную роль в процессе лечения пациентов, особенно в условиях стационара. Медицинские сестры службы поддержки пациентов активно участвуют в обеспечении комфортной и благоприятной атмосферы для больных, помогая им справляться со стрессом, страхом и тревогой.

Госпитализация часто сопровождается эмоциональным напряжением, связанным с неопределенностью диагноза, предстоящими медицинскими процедурами и возможными изменениями в образе жизни. Медсестры, работающие в службе поддержки пациентов, помогают снизить уровень тревожности, объясняя пациентам детали их лечения, разъясняя порядок процедур и создавая атмосферу доверия.

Одним из важных аспектов психологической поддержки является индивидуальный подход к каждому пациенту. Медсестры должны уметь выявлять эмоциональные потребности пациентов, оказывать моральную поддержку, помогать им адаптироваться к условиям больницы. Важную роль играет также работа с родственниками пациентов, поскольку их состояние и отношение к лечению напрямую влияют на эмоциональное состояние больного.

Кроме того, медсестры могут применять различные методики психологической разгрузки, такие как релаксационные техники, беседы, поддержка через позитивное общение. Их участие в психологическом сопровождении пациентов способствует улучшению их самочувствия, повышению мотивации к лечению и более быстрому выздоровлению.

Таким образом, психологическая поддержка является неотъемлемой частью сестринского ухода, а квалифицированная помощь медсестер способствует повышению качества медицинского обслуживания и созданию комфортных условий для пациентов. Внимательное отношение к эмоциональному состоянию больных делает лечение более эффективным и способствует улучшению общего уровня удовлетворенности пациентов.

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ МЕДСЕСТРЫ В ОТДЕЛЕНИИ ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ЗДОРОВЬЯ

Работа медсестры в отделении для людей с ограниченными возможностями здоровья требует специальных знаний и навыков. Пациенты с физическими или умственными ограничениями нуждаются в особом подходе к уходу и вниманию, что делает роль медсестры в таком отделении исключительно важной.

Медсестры должны владеть техниками помощи пациентам с различными видами ограничений, а также умением взаимодействовать с ними с учетом их потребностей и особенностей. Это включает в себя помощь в проведении медицинских процедур, соблюдение гигиенических норм, а также обеспечение психологического комфорта для пациентов.

Работа с пациентами с ограниченными возможностями также требует знания специализированного оборудования, которое может понадобиться для диагностики и лечения, а также обеспечение доступа к услугам для людей с инвалидностью.

Кроме того, медсестры помогают пациентам в реабилитации, обучая их правильным методам ухода за собой и улучшению качества жизни. Это включает физическую терапию, массаж и другие процеду-



ры, направленные на поддержание здоровья и улучшение мобильности.

Таким образом, работа медсестры в отделении для людей с ограниченными возможностями здоровья требует высокого уровня профессионализма, терпения и чуткости, чтобы обеспечить каждому пациенту максимально комфортные условия для жизни и восстановления.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ПАЦИЕНТОВ В ОТДЕЛЕНИИ ИНТЕНСИВНОЙ ТЕРАПИИ

Одной из важных функций медсестры в отделении интенсивной терапии является оказание психологической поддержки пациентам, находящимся в критическом состоянии. Эти пациенты часто переживают эмоциональный стресс, тревогу и депрессию из-за своей болезни и состояния, а также из-за неопределенности их будущего. Медсестры в данном контексте играют ключевую роль в снижении уровня стресса и повышении морального состояния больных.

Основной задачей медсестры является обеспечение комфортного общения с пациентами, поддержка их в сложные моменты, а также помощь в установлении контакта с близкими. Это также включает в

себя помощь в восстановлении психологического равновесия пациента, решение проблем, связанных с адаптацией к изменениям в жизни и болезни.

Медсестры могут проводить психологические беседы с пациентами, выслушивать их переживания, информировать о процессе лечения и ответить на вопросы, которые вызывают у пациентов и их родственников тревогу. Кроме того, медсестры участвуют в подготовке пациентов к возможным хирургическим вмешательствам, объясняя все детали процедуры и обеспечивая эмоциональное спокойствие. Таким образом, роль медсестры в оказании психологической поддержки в отделении интенсивной терапии важна не только для улучшения психоэмоционального состояния пациента, но и для повышения общего качества ухода и восстановления.

РОЛЬ МЕДСЕСТРЫ В ПРОФИЛАКТИКЕ И КОНТРОЛЕ ИНФЕКЦИОННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ



Профилактика и контроль инфекционных заболеваний – одна из приоритетных задач, стоящих перед медсестрами в современных медицинских учреждениях. Работая с пациентами, медсестры играют ключевую роль в предотвращении распространения инфекций и обеспечении безопасности как пациентов, так и медицинского персонала.

Одним из важнейших аспектов работы медсестры является соблюдение стандартов инфекционного контроля, таких как использование средств

индивидуальной защиты (масок, перчаток, халатов), правильное проведение дезинфекции и стерилизации медицинских инструментов. Медсестры должны строго следить за соблюдением санитарных норм и выполнять регулярную уборку и дезинфекцию помещений, особенно в отделениях, где пациенты наиболее подвержены инфекционным рискам.

Кроме того, медсестры активно участвуют в обучении пациентов и их родственников мерам профилактики инфекций, рассказывая о правилах личной гигиены, вакцинации, а также о том, как избежать заражения в процессе лечения и реабилитации.

Работа медсестер также включает в себя мониторинг состояния здоровья пациентов, своевременное выявление признаков инфекционных заболеваний, таких как повышение температуры, кашель или другие симптомы, и немедленное информирование об этом лечащего врача.

Кроме того, медсестры помогают врачам проводить прививки и следят за состоянием пациентов после вакцинации, предоставляя информацию о возможных побочных эффектах и обеспечивая необходимую медицинскую помощь.

Таким образом, роль медсестры в профилактике и контроле инфекционных заболеваний исключительно важна для сохранения здоровья пациентов, улучшения качества медицинского обслуживания и предотвращения распространения опасных инфекций в лечебных учреждениях.

МЕДСЕСТРИНСКИЙ КОНТРОЛЬ ЗА ВЫПОЛНЕНИЕМ ВРАЧЕБНЫХ НАЗНАЧЕНИЙ

Одной из важнейших обязанностей медсестры является контроль за выполнением врачебных назначений. Этот процесс включает в себя мониторинг приема лекарственных препаратов пациентами, соблюдение режима лечения, проведение необходимых процедур и наблюдение за динамикой состояния больного.

Медсестры играют ключевую роль в координации лечебного процесса, контролируя своевременность и правильность выполнения назначений. Они также информируют врачей о любых изменениях в состоянии пациента, что позволяет своевременно

корректировать лечение. Кроме того, важным аспектом работы является обучение пациентов правилам приема лекарств и соблюдению режима. Пациенты, особенно пожилые и те, кто страдает хроническими заболеваниями, могут не всегда правильно воспринимать медицинские рекомендации. Медсестры помогают им освоить схемы приема препаратов, разъясняют возможные побочные эффекты и необходимость соблюдения дозировок.

Таким образом, сестринский контроль за выполнением врачебных назначений является неотъемлемой частью медицинского обслуживания, повышая его эффективность и способствуя успешному выздоровлению пациентов.

ИНФОРМИРОВАНИЕ ПАЦИЕНТОВ О МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГАХ

Доступ к достоверной информации о медицинских услугах является важной частью качественного медицинского обслуживания. Многие пациенты сталкиваются с нехваткой информации о своих правах, доступных методах лечения и порядке получения медицинской помощи. Медсестры службы поддержки пациентов играют ключевую роль в информировании пациентов, помогая им ориентироваться в медицинском учреждении и получать нужную помощь.

Основными направлениями работы медсестер в этом аспекте являются консультирование пациентов о правилах госпитализации, порядке прохождения обследований, возможностях реабилитации. Важно, чтобы информация предоставлялась в доступной и понятной форме, особенно для пожилых пациентов и лиц с ограниченными возможностями.

Кроме индивидуального консультирования, в медицинских учреждениях активно используются информационные стенды, брошюры и цифровые технологии. В некоторых клиниках действуют электронные системы, позволяющие пациентам узнавать информацию о доступных услугах через терминалы или мобильные приложения. Медсестры помогают пациентам пользоваться этими системами, разъясняя их функционал.

Эффективное информирование пациентов снижает уровень их тревожности, повышает их удовлетворенность медицинским обслуживанием и способствует более осознанному подходу к лечению. Внедрение современных методов информирования и активное участие медсестер в этом процессе делает медицинскую помощь более доступной и понятной для каждого пациента.

ЗНАЧЕНИЕ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ ОСМОТРОВ В РАБОТЕ МЕДСЕСТРЫ


Профилактические осмотры – это основа раннего выявления заболеваний и поддержания здоровья населения. Важную роль в организации и проведении таких осмотров играют медсестры, которые обеспечивают первичный контакт с пациентами, проводят анкетирование, измеряют основные показатели здоровья и консультируют по вопросам профилактики.

Медсестры помогают выявлять факторы риска развития заболеваний, такие как артериальная гипертензия, сахарный диабет и ожирение. Они также информируют пациентов о необходимости ведения здорового образа жизни, важности регулярных медицинских обследований и вакцинации.

Кроме того, медсестры активно участвуют в диспансеризации, контролируя соблюдение назначенных профилактических мер и помогая пациентам следить за своим здоровьем. Благодаря их работе удается своевременно выявлять заболевания на ранних стадиях, что значительно повышает эффективность лечения и снижает вероятность развития осложнений.

Профилактическая работа медсестер – это важнейший элемент системы здравоохранения, направленный на укрепление здоровья населения и снижение нагрузки на лечебные учреждения. За счет активного взаимодействия с пациентами медсестры способствуют формированию культуры заботы о собственном здоровье.

РАБОТА МЕДСЕСТРЫ С ЖАЛОБАМИ И ОБРАЩЕНИЯМИ ПАЦИЕНТОВ



Одной из ключевых задач службы поддержки пациентов является работа с жалобами и обращениями.

Жалобы могут касаться различных аспектов медицинского обслуживания: от длительного ожидания приема до недовольства условиями пребывания в стационаре. Медсестры службы поддержки пациентов играют важную роль в урегулировании конфликтных ситуаций, обеспечивая оперативную реакцию на запросы пациентов.

Грамотное взаимодействие с пациентами требует внимательного отношения, эмпатии и профессионализма. Медицинские сестры должны внимательно выслушивать пациентов, разъяснять им их права, объяснять причины тех или иных медицинских решений. Эффективная работа с жалобами не только улучшает отношение пациентов к медицинскому учреждению, но и способствует повышению качества оказания медицинской помощи.

Одним из важных инструментов работы с жалобами является система обратной связи. Медицинские учреждения внедряют анкеты удовлетворенности пациентов, горячие линии и электронные платформы для приема обращений. Медсестры анализируют поступающую информацию, передают ее администрации и участвуют в разработке мероприятий по улучшению качества медицинского обслуживания.

Таким образом, медсестры службы поддержки пациентов играют важную роль в создании комфортной среды для пациентов, оперативно реагируя на их потребности и улучшая систему медицинского обслуживания.

Материалы подготовили:
В.Т. АЙСАРОВА, М.К. БОПАУЕВА, А.М. КАСЫМБЕКОВА

САЛАУАТТЫ ӨМІР ЕСІРТКІ ЗАТТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЗИЯНДЫЛЫҒЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасында жеке құраммен кездесу өтті. Іс-шараның мақсаты – әскери қызметшілер арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу және зиянды әдеттерден сақтандыру.



Аталған кездесуге Панфилов ауданы ауруханасының нарколог-фельдшері С.Қойбағаров арнайы шақыртылып, жеке құраммен ашық сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында есірткі заттарының адам ағзасына тигізетін зияны, олардың құқықтық салдары мен қоғамға кері әсері жан-жақты түсіндірілді.

Жеке құрам кездесуге белсенді қатысып, қойылған сұрақтарға нақты жау-

аптар алды. Шара соңында нарколог-фельдшер қызметшілерді салауатты өмір салтын ұстануға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды.

Осындай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп отырады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша
департаменті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгім-насихатта мемлекеттік қызметшілердің арасында және әртүрлі іс-шаралар жүзеге асырады.

Атап айтқанда, азаматтардың басқарманың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділігі;

Республиканың мемлекеттік органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылы, бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбын тұрақты түрде жариялау;

Мемлекеттік қызметшілер арасында этика, қызметтік мінез-құлық және еңбек ұжымдарында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мәселелері бойынша тұрақты

жедел кеңестер, семинар өткізіледі.

Қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыруға қатысуда. Басқарма тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды орындау үшін алдағы уақытта да тиісті жұмыстар өз деңгейінде жүргізілетін болады.

Ж. МАРАТОВА,
Талдықорған қалалық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
қызметті жоспарлау және талдау
бөлімі бас маманы

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

«ЖАНҰЯ» ОРТАЛЫҒЫНДА АНАЛАР ТЕГІН ОҚЫТЫЛАДЫ

2020 жылдан бері Талдықорғанға жұмыс істеп келе жатқан «Жанұя» отбасыны қолдау орталығының басты мақсаты – көпбалалы, аз қамтылған және әлеуметтік осал отбасыларға кешенді көмек көрсету.

Орталық психологиялық, құқықтық және әлеуметтік қолдау ұсынып, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырады. Мекеменің негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік осал топтағы әйелдерді тегін оқыту. Орталық ашылғалы бері қысқа мерзімді курстардан 409 ана өтті. Курстар аспаз, кондитер, тігінші, массажист, визажист мамандықтары бойынша ұйымдастырылады, сонымен қатар компьютерлік сауаттылық бойынша сабақтар өткізіледі. Оқуды аяқтаған соң қатысушыларға сертификаттар табысталып, жұмысқа орналасуға қолдау көрсетіледі. Биыл бұл курста 23 азаматша білім алуда. Сонымен қатар, орталықта

балаларға да ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта 198 оқушы ағылшын, қазақ, орыс тілдері мен математика пәндерінен қосымша білім алуда. 1-11 сынып аралығындағы оқушыларға арналған бұл сабақтар олардың білімін тереңдетіп, өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуетін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, орталықтың қызметтері «Бір терезе» қағидаты бойынша eGov порталы арқылы да белсенді түрде көрсетілуде. Соңғы бірнеше айдың ішінде 5 мыңнан астам цифрлық қызмет көрсетілді. Олардың қатарында ЭЦҚ алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, атаулы әлеуметтік көмек алу және түрлі анықтамалар беру қызметтері бар.

Өз тілшіміз

ӨҢІРЛІК ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ШТАБ НАШАҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

2025 жылдың 31 наурыз күні нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру жөніндегі Жетісу облысының өңірлік ведомствоаралық штабының 1-ші отырысы өткізілді. Штаб отырысына облыстың ведомствоаралық комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, басқарма басшылары және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша профилактика және ақпараттық түсіндіру жұмыстары туралы және 2025 жылдың 1 тоқсанында атқарған жұмысын қорытындылау – наркологиялық қызметті талдау, проблемалық мәселелер талқылау;

Нашақорлықтан ең көп зардап шеккен аудандарды, қалаларды анықтап, қосымша профилактикалық және жедел іс-шараларды жоспарлау. Жекелеген аудандарда, қалаларда есірткі жағдайының өзгеруіне тұрақты мониторингті ұйымдастыру туралы;

Көшелерде және қоғамдық орындарда есірткіге қарсы әлеуметтік жарнама ны орналастыра отырып, азаматтардың

(оның ішінде оқушыларда, қолайсыз отбасылардан шыққан жасөспірімдерде, студенттерде және т.б.) есірткі имунитетін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға нысаналы жергілікті бюджет қаражатын бағдарлау;

Балалар мен жасөспірімдерге психологтардың, менторлық жұмыс мамандарының Нашақорлықтың алғашқы профилактикасы мақсатында облыста нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы мәселелер қаралды.

Жоспарға сәйкес алдағы 2-ші тоқсанға атқарылатын жұмыстар жайлы нақты тапсырмалар берілді.

Өз тілшіміз

ЗАҢ АЯСЫНДА ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КЕДЕНДІК ТІЗІЛІМІ

Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу бойынша мемлекеттік қызметті «Keden» ақпараттық жүйелеріне іске қосу: зияткерлік меншік объектілерінің құқық иеленушілері және құқық иеленушінің мүдделерін білдіретін тұлғалар үшін өзгерістер.



«Keden» кедендік ақпараттық жүйесін кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті кеден саласындағы мемлекеттік қызметті көрсету, атап айтқанда зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу жөніндегі функционалды пайдалануға енгізеді:

2025 жылғы 14 сәуірден бастап аталған мемлекеттік қызметтерді көрсетуге өтініштерді беру және өңдеу «Keden» АЖ жүзеге асырылатын болады.

Ағымдағы жылдың 11 сәуірде сағат 18:30-да Экспорттық-импорттық операциялар бойынша «Бірыңғай терезе» ақпараттық жүйесінде зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу өтініштерді қабылдау тоқтатылатынын атап өтеміз.

Өтінішті толтыру тәртібі, сондай-ақ жүйде тіркеу бойынша нұсқаулықтар порталдағы басты бетте орналастырылған <https://keden.kgd.gov.kz>, сондай-ақ жеке телеграм чаты жасалған <https://t.me/kedenkgdgvovkz/46130> – зияткерлік меншік объектілері үшін.

Өтініштердің мәртебесі туралы хабарламалар алу мүмкіндігі үшін қолданыстағы ұялы телефон нөмірлерін және электрондық пошта мекен-жайларын тіркеу кезінде көрсету қажеттілігіне назар аударамыз.

Қосымша ақпарат пен кеңес алу үшін
Қолдау қызметіне хабарласыңыз:
► +7 7172 73 55 19, +7 705 956 53 89.
► e-mail: keden_support@kgd.minfin.gov.kz.
► Telegram арнасы: <https://t.me/kedenkgdgvovkz>.

АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ИНФОРМИРУЕТ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ О СДАЧЕ СВЕДЕНИЙ В БАЗУ ДАННЫХ НПО

Аппарат акима города Талдықорған информирует об очередном отчетном периоде предоставления сведений в Базу данных НПО. Срок предоставления организациями сведений о своей деятельности в текущем году истекает 21 апреля 2025 года.

В связи с этим, неправительственным организациям в форме частного учреждения, общественного объединения (за исключением общественных объединений, созданных в виде политических партий, религиозных объединений и профессиональных союзов), некоммерческого акционерного общества (за исключением некоммерческих акционерных обществ, учредителем или ак-

ционером которых является государство), общественного, корпоративного и частного фондов, объединения юридических лиц в форме ассоциации (союза), а также филиалам и представительств иностранных и международных некоммерческих организаций, осуществляющих деятельность на территории Республики Казахстан, рекомендуется своевременно заполнить электронную форму отчетности на веб-портале infonpo.gov.kz.

За несвоевременное представление или не предоставление сведений в Базу данных НПО предусмотрена ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

ТЕЛЕФОН ДЛЯ СПРАВОК:
ГУ «Отдел внутренней политики города Талдықорған», 24-73-31.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №389 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.